

## А х м е т а у ы л ы

Ахмет ауылы Нұра өзенінің сол жағалауында Киевка кентінен солтүстікке қарай 41 шақырым жерде орналасқан. Нұра ауданының 80 жылдығына орай, ауылымыз нәліктен Ахмет ауылы деп аталады? Тәуке хан – Семеке – Есімхан- Құдайменде – Қоңырқұлжа-Ыбырай –Ахмет. Ахмет төренің шыққан тегіне төренірек үңілсек. Шыңғысханнан тараған Тәуке ханның 6-шы ұрпағы екен.

Тәуке ханның төртінші ұрпағы Құдайменде баласы Қоңырқұлжаның қонысы Нұра өзенінің бойында болған. Бұл қоныс Қоңыр төренің Ақмоладағы белгілі қоныр үйі бүгінде «Конгресс-Холл» бұрынғы «Дворец Целинников» сарайы салынған іргеге жақын Есіл-Қараөткел ауылында осы беріге дейін бұзылмай тұрған.

Қоңырқұлжа ұрпағына келсек: бәйбішесінен жеті ұл – Бегалы, Жәнәлі, Әділ Төке, Мәмбетәлі, Абылай, Ыбырай; ал басқа әйелдерінен он бір бала: Әбілда, Көшенбай, Өкім, Өлі, Әбілғазы, Әпсәләл, Әкетай, Темірбай, Әлімхан, Тоқай, Микентай.

Қоңырқұлжаның ұлы Абылай Шоқан Уәлихановтың тетелес қарындасы Бәдіүлге үйленіпті.

Қоңырқұлжа 1804-1866 жылдар арасында өмір сүрген 63-64 жасында қайтыс болған Қоңырқұлжа Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының үшінші кітабы «Қаһардың» (1916 ж) басты кейіпкері аға сұлтан, Ақмола бекінісін қорғаушыларының бірі болған.

«Бірі 1829 жылы, яғни қазақша сиыр жылы, осы Омбы қаласындағы тілмаштар мектебінің қырық жылдық мерекесіне арналған салтанатты кеш. Онда Сібір қазақтары жанындағы ережені шығарған патшаның оң көзі Сперанскийдің өзі бар. Кең залда ойнаған оркестр, би, ойын, күлкі... Қоңырқұлжаға ең алғашқы рет орыс офицері – штабс-капитан аты берілгені осы жолы еді. Содан бері тоғыз жыл өтіпті. Қазір ол подполковник.» (Қаһар 152-бет).

Осы Қоңырқұлжаның Ыбырай деген баласынан Ахмет тұған.

Ахмет төре туралы ауыл ақсақалдары жақсы пікірлерін айтады. Ахмет ақылды, жаны жомарт, адамгершілігі мол адам болған екен. Өзі қазақша, арабша, орысша хат таныған. Халық ағарту ісіне араласқан. Балаларының жан-жақты білім алуына үнемі қамқорлық жасап тұрған. Білімге, мәдениетке ықыласы болған.

Ахмет төренің қыстауы Түменбай төбешігінен 1,5 км жерде орналасыпты. Бұл жердің ауа райы мал мен жанға өте қолайлы болған. Жазы жаңбырлы, қысы қарлы болыпты. Төбешіктен малдың қайда жүргенін көруге, бақылауға бо-

лады. Өйткені Ахмет төренің малы көп, үйір-үйір жылқы, табын-табын сиыр, отар-отар қойы болған екен.

Ауыл мәдениетті, жаңашылдықты тез қабылдайды. Оның бір себебі, ауыл Ақмолаға жақын еді. Ал Ақмолада Сарыарқаның Қазақстанның түпкір-түпкірінен келетін ғажайып жәрмеңке болатын. Қоғамдағы өзгерістер ауылға да келеді. Уақыт өте келе бай ауылы көлемін кеңейтіп, үйлер салына бастайды. Тұрғын үй кешендерін, өндіріс орындарын салумен айналысты. Түменбай жотасында саз-балшықтан үйлер тұрғызылды. Ең алғашқы ағаштан салынған үй Ахмет төреге арналып салынды. Үй өте үлкен, 6-7 бөлмелі болды.

Кеңес үкіметі құрылған соң байлардың байлығы тәркіленіп, қуғынға ұшырады. Ахмет төре де қуғынға ұшырады. Ағаш бөренеден салынған Ахмет төренің үйінің үлкендігі сондай тәркіленген соң, сол үйде бастауыш мектеп, кітапхана, концерт болды.

Ахмет төренің тәркіленген байлығынан ауыл шаруашылық артелі құрылды. Бұл алдағы ұжымдық шаруашылықтың негізі еді.

Артель жұмысы ұзаққа бармады 1 май колхозы болып қайта құрылды. Бұл колхоз да ұзақ болмады. Колхозды Ақмола облысы Вишневец ауданы Бөлімшесі деп қайта құрды. Бұл кезде Ахмет ауылында 200 адам, 30 сабан үй, ұста үйі, азық-түлік дүңгіршегі 3 мал қора болды. Бөлімшенің конторы Ахмет төренің бұрынғы ағаш үйінде болды.

Ауыл тұрғындары мал шаруашылығы мен ауыл шаруашылығымен, егін салумен, бау-бақша өсірумен айналысты.

Ахмет төренің үйі бертінге дейін тұрды. Үй бұзылған соң сол ағаш бөренелерден қазіргі Меңдіғали қажының үйі салынды. Ахмет төре Нұра өзені бойындағы Жамбыл деген жерде жерленген.

1980 жылы Ахмет ауылы ұмытылып, Энтузиаст деп атала бастады.

1998 жылдан қайтадан Ахмет ауылы болып өзгертілді. Ауылда Ахмет төренің немерелері тұрады.

Қазіргі Ахмет ауылында 2000-ға жуық адам тұрады. 80 пайызын қазақтар, 20 пайызын әр түрлі ұлт өкілдері құрайды.

*С.ҚАРЖАСОВА, С.Сейфуллин атындағы орта мектебінің оқытушысы. Ахмет ауылы.*